

## САҒЫНЫШ

1931 жылы мен Әміре Қашаубаевты іздеп, республика астанасына келдім. Ол уақытта театр біреу – драмалық театр. Театр сахнасында атақты әншілер Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, тамаша өнер иелері Қалыбек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Қапан Бадыров, Серке Қожамқұлов, Елубай Әмірзақов, Әбікен Хасенов, Камал Қармысов, қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шанин өздерінің керемет талантымен көрермен қауымды таңдандырып, елге танымал болған кез еді. Сол шоқ жұлдыздар арасында Күләш те бар болатын. Елден аңсап келген бетімде Күләш құшағын жайып, жас балаша қуанып, «Әнші қыз келді!» – деп қарсы алғаны күні бүгінгідей есімде. Күләш мені үйіне алып барды. Содан үш жыл екеуміз бірге тұрдық. Ол уақытта театр киімге кедей болатын, екеу ара бір сиса көйлегіміз бар еді. Концертке Күләш бұрын шықса, ол киіп, мен бұрын шықсам, мен киетінмін. Нөміріміздің арасында уақыт тығыз болса, күтіп тұрып: «Тез шеш!» – деп бірімізді-біріміз асықтыратынбыз.

Өз бойымда дарын болғанымен, өнер биіктігі мұнартқан Алатаудың асқар шыңындай алыс еді. Қасымда соншама сахна шеберлері жүргенде, олардан тәлім-тәрбие алмасам, кім болар едім? Әміре ағайдан, Күләштен, Жүсіпбектен талай ән үйрендім, өзімнің әншілік қабілетімді ұстарттым.

Алғаш сахнаға шыққанда «Ендік-Кебек» спектаклінде Еңлік рөлін орындадым. Күләш те – Еңлік, мен де – Еңлік. Сонда Еңлік болып, еңіреп жүргенде Күлекеңнен талай сахна сырына қанық болдым. Кейін сарапқа салсам, Күләштің сахнаға шыққанының өзі той екен, оның тартымдылығы, сүйкімділігі ғажап еді – көзімді алмайтын едім. Қасында жүрген партнерлері Күләш сөйлегенде, Күләш ән салғанда жайнап-жадырап шыға келетін.

Күләштей сұлу адамды сахнада әлі көрген жоқпын. Әрине, әрбір актер, өнерпаздың ерекшелігі болады ғой. Қанабек «Құштар көңіл» деген кітабында Күләш туралы шындықты жазған. Мен сол кітапты оқып отырғанда, қоспасы жоқ, жалғаны жоқ шындықтың куәсі болдым. Күләш те, Қанабек те үлкен талант дарыған, өнер шеберлері еді, сондықтан да екеуі де өнер шыңына шықты. Сахнаға Күләштай Жібек қайта оралмаса, Қанабектей Төлегенді іздеп табу қиын. Олар тек сахнада емес, өмірде де, жанұяда да Қыз Жібек пен Төлегендей қол ұстасып өтті.

Күләш спектакльге шығар алдында сахна табалдырығын тебіренбей аттаған емес. Күләштің кейінгі жаңа толқын әртістерге деген мерейі өзгеше еді. Жастарға деген қамқорлығында шек жоқ еді. Күләш тау басында жалғыз өскен шынар болса, оның көлеңкесін аялап өскен талай жас қазір атақ алып, құрмет-қошеметке бөленіп отыр.

Күләштің бір қасиеті – әнді жақсы айтқан адамды жанындай жақсы көріп, соған әр уақытта қамқоршы болушы еді. Әсіресе, спектакльдердегі рөлдерді бірге ойнаған Шабалды (Бейсекова) «Тамаша әнші!» деуші еді. Осы кезде

ойлаймын: кейінгі толқын, әуенді өнерпаздар – Бибігүлді, Розаларды естісе, Күләш жоғалғаны табылғандай қуанар еді.

Көрермен қауым театрға барса, «Сараны, иә, Ажарды бүгін Күләш ойнайды!» деп, Күләштің әнін естіп, жүзін бір көруге ынтығып барушы еді.

1932 жылдың бір күндерінде біз Сәкен Сейфуллин ағайды қонаққа шақырдық. Әміре, Жүсіпбек, Күләш және мен ән салдық. Әбікен бірнеше күй тартып берді. Біз тыңдап болғаннан соң, Сәкен ағай: «Төртеуің төрт түрлі әншісіңдер, бірақ Күләш алдына жан салмайтын әнші болар», – деп еді.

Сәкен ағаның бұл сөзі көрегендік екеніне біраз жылдан кейін көзіміз жетті. 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің алғашқы ұлттық онкүндігі өткеннен кейін, СССР халық әртісі атағын тұңғыш алған совет өнерінің майталманы К.С. Станиславский, В. Немирович-Данченко, А. Неждановалармен бірге біздің Күләш те «СССР халық әртісі» атағын алды.

Күләш сахнада да, өмірде де сүйкімді, жүрегі таза, көпшіл еді. Қандай дәрежеге ие болса да, үлкенге иіліп сәлем беріп, кішімен кіші болып, тең сөйлесетін. Өзімен бірге жүрген маған: «Рәш, бүгін спектакльге келші, көрші, қай жері жетіспейді, киімім қандай, жараса ма?» – деп театрға алып барушы еді. «Сен менің залда отырған көзімсің, жүр!», – дейтін.

Спектакльден кейін пікір алысқанда, «Мына жерің дұрыс емес», – десем, келесі постановкада сол түсті өзгертуші еді. Мен бұл сөзбен, әрине Күләштің өз өнеріне сын көзбен қарайтынын айтқым келді.

Күләштің қазақ өнерінде қалдырған ізі бөлек, ол кісінің шығармасына арналған талай зерттеу бар. Бірақ Күләштің ойынын өз көзімізбен көргендіктен, ойда қалғанды айтпауға болмайды. Мәселен, Күләш жасаған Жібек бейнесі қайталанбас тұлға еді. «Ер Тарғындағы» Ақжүніс асау аттай тулаған, ерке мінезді батыр қыз болса, Ажар мен Сара тіпті бөлек образдар. Күләштің Жібегі керемет еді ғой. Күләш салған «Гәкку» әні бүкіл дүние жүзіне әйгілі болды. Кешегі өткен сұрапыл соғыста Ленинград блокадасында бұл әнді совет жауынгерлері сүйсіне тыңдаған. Сол кезде жазылған Латиф Хамиди мен Сәбит Мұқановтың «Қазақ вальсі», Е.Брусиловскийдің «Бұлбұлы» Күлекеңнің орындауында байтақ елге тарап кетті.

1957 жылы Мәскеуге жүрер алдында «Қыз Жібек» операсы болды. Сонда Күләш көрермендер алдында тізе бүгіп, енді көрместей боп, екі көзінен жас парлап қоштасып еді. Сол қоштасуы ақырғы қоштасуы екен.

Жастық шақты бірге өткіздік, бір көйлекті кезек киіп, жарты нанды бөліп жедік, бірге ән салдық.

Осы күнде сағынамын, оны іздеймін.